

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің кеңейтілген отырысының
Хаттамасы

2018 жылғы 19-20 шілде

Астана қ.

Төрағалық еткен:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

Н.С. Айдапкелов

2018 жылғы 19 шілде

1. «Комитеттің 2018 жылғы I жартыжылдықтағы жұмысының қорытындылары және III тоқсанға арналған негізгі міндеттері туралы»

(Н.С.Айдапкелов)

1. Статистика комитетінің төрағасы Н.С. Айдапкеловтің ақпараты назарға алынсын

2. Аумақтық статистика органдарының басшылары:

2.1. бағдарламалық кешенде көзделген форматты-логикалық бақылауға сәйкес бастапқы есеп деректерінің сапасын қамтамасыз ету бойынша әкімшілік көздерден алынған деректерді пайдалану негізінде 1-ТС нысаны бойынша респонденттердің қамтылуын қамтамасыз ету бойынша жеке бақылауға алсын. Жыл сайын Комитетке жұмыстың орындалуы туралы ақпаратты жолдасын;

2.2. 2017 жылға арналған 1-ВТ деректерін үй шаруашылықтарының шығыстарын зерттеу деректерімен салыстырмалы талдау бойынша жұмыстарды қамтамасыз етсін. Өткізілген жұмыстар туралы ақпаратты ағымдағы жылдың 31 шілдесіне дейін Комитетке ұсынсын;

2.3.Отын және энергияны тұтыну бойынша үй шаруашылықтарына сапалы іріктемелі зерттеу жүргізу бойынша қабылданған шаралар жөніндегі ақпаратты (респонденттерді қамту, деректердің сапасын қамтамасыз ету, интервьюерлер қызметін бақылау) а.ж 31 шілдесіне дейін ұсынсын;

2.4.жұмыспен қамту және халықтың тұрмыс деңгейін іріктеп зерттеу бойынша бастапқы деректерді енгізу және талдау сапасын қамтамасыз етсін;

2.5.бақылауды және топтық семинарлардың қорытындысы бойынша тұрмыс деңгейін зерттеу жөнінде интервьюерлерді оқытуды қамтамасыз етсін;

2.6. кедейлік және біркелкі емес кірістер көрсеткіштерін статистикалық зерттеулер, ведомстволық және әкімшілік деректермен талдау және салыстыру бөлігінде жұмысты күшейтсін;

2.7. тұрақты негізде түсіндірме жұмыстарын жүргізу бойынша ЖАО-мен статистикалық әдіснаманы, сайтты навигациялау, статистикалық ақпаратты қалыптастыру бойынша жұмыстарды жүргізсін.

3. Алматы қаласы Статистика департаментінің басшысы ҚР ҚМ МКК деректер базасын 1-ТС нысаны бойынша респонденттерді қамтуды қамтамасыз ету мақсатында әзірлесін.

4. Манғыстау облысы Статистика департаментінің басшысы Комитетке 1-ТС нысанында қамтылмау себептері туралы және ағымдағы жылдың 31 шілдесіне дейін респонденттерді сапалы қамту бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты ұсынсын.

5. Халықаралық статистикалық ынтымақтастық басқармасының басшысы аумақтық статистика органдары қызметкерлерінің халықаралық семинарларға, жұмыс топтарына, оқытуларға қатысу мүмкіндігін қарастырсын.

2. «2019 жылғы Қазақстандағы ұлттық халық санағына дайындық мәселелері». «Алдағы 2019 жылғы Қазақстандағы ұлттық халық санағын өткізу құрылымының, мерзімінің және кезеңдерінің презентациясы».

(Н.А.Қожақов)

1. Ұлттық санақтарға дайындық және өткізу басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.

2. Ұлттық санақтарға дайындық және өткізу басқармасының басшысына:

2.1. Ұлттық санақтарға дайындық және жүргізу бойынша нұсқаушылардың біліктілік талаптарына өзгерістер бойынша педагогикалық және ауыл шаруашылығы, заң мамандықтарын қоса алғанда ҚР ҰЭМ-ға мамандықтар бойынша білімін арттыру мәніне ұсыныстар енгізісін сондай-ақ 1 жылдан асатын жұмыс өтілі болуы керек;

2.2. жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде ұлттық санақты жүргізу кезінде интервьюлердің біліміне қойылатын талаптардың мәніне интервьюерлер ретінде адамдарды тарту қалыдаларына өзгерістер енгізісін: жоғары немесе орта техникалық, кәсіптік білім немесе жалпы орта білім, жұмыс өтілі бойынша талаптарды ұсынсын;

2.3. «Казгеодезия» РМҚК аумақтық статистика органдарына ҚБПУ арналары арқылы ұсынған карталарды жіберу туралы мәселені пысықтасын;

2.4. СТЖБ-мен бірлесе отырып ОСД жанындағы ұлттық санақтарға дайындық және өткізу бөлімдеріне халық санағы мақсатынды кейін ұсыну үшін «АЕО» РМК-ға ТҚСТ, ХСТ, ЭШБЕА деректер базасына қолжетімділікті жедел ұсыну бойынша мәселені пысықтасын.

3. Аумақтық статистика органдарының басшылары:

3.1. Халық санын, аумақтық ерекшеліктерді және аяқталған штат бірліктерін ескере отырып, әр өңір (қала, аудан, ауыл) бойынша жеке санақ жүргізу құрылымын әзірлесін. Құрылымын Комитетке а.ж. 10 тамызға дейін жолдасын;

3.2. жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп барлық елді мекендердің қағаз карталарын және (немесе) сандық карталарын (схемалық жоспарлары) а.ж.1 қазанына дейін дайындасын.

4. 2019 жылғы халық санағының ұраны бекітілсін – «Әр азамат Қазақстан үшін қымбат!», «Каждый гражданин важен для Казахстана!».

3. «Алдағы халық санағына дайындық барысы туралы»

(Ж.С.Серікбаева)

1. Астана қаласы Статистика департаментінің басшысы орынбасарының ақпараты назарға алынсын.

4. «Алдағы халық санағына дайындық барысы туралы»

(С.Д.Жәрімбетова)

1. Алматы қаласы Статистика департаментінің басшысы орынбасарының ақпараты назарға алынсын.

5. «Алдағы халық санағына дайындық барысы туралы»

(Е.С.Құлтаев)

1. Оңтүстік Қазақстан облысы Статистика департаментінің басшысы орынбасарының ақпараты назарға алынсын.

6. «Алдағы халық санағына дайындық барысы туралы»

(Д.О.Молдағұлова)

1. Алматы облысы Статистика департаментінің басшысы орынбасарының ақпараты назарға алынсын.

7. «Пилоттық халық санағын ақпараттық - техникалық қамтамасыз ету қорытындылары»

(Н.Н.Сарыбек)

1. «АЕО» РМК директоры орынбасарының ақпараты назарға алынсын.
2. «АЕО» РМК:
 - 2.1. ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін «аудандастыру» АРМ тіркеу учаскелері бойынша мекенжайлар тізілімін жасасын;
 - 2.2. 01.10.18. бастап 05.10.18. дейін ҰСДӨБ қызметкерлеріне, ҚР СК-нің статистика департаменттеріне «аудандастыру» АРМ-мен жұмыс жасау бойынша оқытулар өткізсін.

8. «Алдағы санақ бойынша халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмысының барысы туралы»

(Б.А.Рахымбеков)

1. Пайдаланушылармен жұмыс басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.
2. Аумақтық статистика органдарының басшылары:
 - 2.1. Ақпаратты қалың жұртшылыққа жеткізу мақсатында алдағы «Халық санағы 2019» туралы әр тоқсан сайын брифингтерде, пресс-конференцияларда, дөңгелек үстелдерде сөз сөйлеу, БАҚ-та жариялай отырып фондық іс-шаралар санын қосып арттырсын;
 - 2.2. ай сайынғы негізде мемлекеттік статистика қызметін жарияласын;

2.3. әлеуметтік желілер (Facebook, youtube) және Департаменттердің ресми веб-порталы арқылы өткізілетін брифингтерге, барлық эфирларға, сұхбат беру трансляцияларына қатысу туралы ақпаратты уақтылы өзектілендірсін;

2.4. тұрақты негізде жарияланымдарды мониторингтерді жүзеге асыру және контент - БАҚ-тағы Департаменттердің қызметі туралы экономикалық жарияланымдарды және телехабарламаларды талдасын. Департаменттердің жұмысы туралы анық емес фактілерді анықтау кезінде оларды алсын алсын және анық ақпаратты халыққа жеткізу бойынша жедел жұмыстарды жүргізісін.

2018 жылғы 20 шілде

9. «Мемлекеттік қызметшінің мінез-құлық этикасы мен нормалары»

(Н.Ж. Көшкімбаев.)

1. Комитет төрағасының орынбасары Н.Ж.Көшкімбаевтің ақпараты назарға алынсын.

2. Аумақтық статистика органдарының басшылары:

2.1. мемлекеттік қызметшілерді жасырын сауалнамалармен толық қамтуды қамтамасыз етсін және мемлекеттік органдардағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту үшін оның нәтижелерін пайдалансын;

2.2. тәртіптік практиканы, қызметтік тергеу материалдарын, мемлекеттік органның қызметкерлеріне азаматтардың шағымдарын зерделеу арқылы құқық бұзушылыққа итермелейтін себептер мен жағдайларға тоқсан сайынғы негізде талдау жүргізісін;

2.3. азаматтық қоғам институттарымен кездесулер, профилактикалық (рейдтік) іс-шаралар, оның ішінде аумақтық департаменттерге жиі жүгінетін қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен өнілерге шығумен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етсін;

2.4. Азаматтар мен қызметкерлерді қабылдау бойынша жұмысты күшейтсін.

10. «2019 жылға арналған Статистикалық жұмыстар жоспарының жобасын қалыптастыру барысы туралы»

(Ф.М. Қалиев.)

1. Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасының басшысы ақпараты назарға алынсын.

2. Аумақтық статистика органдарының басшылары:

2.1. ЖАО-да 2019 жылға СЖЖ жобасына бұрыштама қою рәсімінің уақтылы өтуін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар қабылдасын;

2.2. статистикалық есептілік бланкілерін есепке алу бойынша жұмысты жүйелендірсін;

2.3. 2019 жылға арналған жылпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысан бланкілерін көбейту қажеттіліктерін сапалы қалыптастыруды қамтамасыз етсін.

11. «2018 жылдың 6 айындағы ҚР ҰЭМ СК республикалық бюджетінің орындалуы, 2018-2020 жылдарға арналған бюджеттік жоспарлау туралы»

(М.М.Шүйіншібаева)

1. Қаржы және құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының басшысы ақпараты назарға алынсын.
2. Аумақтық статистика органдарының басшылары:
 - 2.1. 100%-дық бюджеттің игерілуін қамтамасыз етсін;
 - 2.2. өтініштерді тіркеу бойынша бақылауды күшейтсін;
 - 2.3. Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және оларды алдағы уақытта болдырмау бойынша іс-шаралар жоспарын бекітсін;
 - 2.4. анықталған бұзушылықтарға жол берген адамдардың жауапкершілігін қарасын;
 - 2.5. Азаматтардың өтініштерін есепке алсын және қарау бойынша жалпыға бірдей оқыту өткізсін.

12. «Әкімшілік дереккөздерге қатысты бақылау бөлігінде мемлекеттік статистика туралы заңды іске асыру барысы туралы»

(Д.Б.Ниязқұлов)

1. Әкімшілік дереккөздерге қатысты бақылау басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.
2. Аумақтық статистика органдарының басшылары:
 - 2.1. Деректерді мониторингілеу, талдау, салыстыру және комитетке тиісті ақпаратты ұсыну бөлігінде әкімшілік дереккөздерге қатысты барусыз профилактикалық бақылауды жүргізу бойынша бақылауды күшейтсін;
 - 2.2. тұрақты негізде мемлекеттік статистика саласындағы заңнама нормаларын түсіндіру бойынша әкімшілік дереккөздермен жұмыс жүргізсін.

13. «I жартыжылдықтағы Ұлттық шоттар басқармасының жұмысының қорытындылары және 2018 жылғы II жартыжылдыққа қойылатын негізгі міндеттері туралы»

(Г.С.Малдыбаева)

1. Ұлттық шоттар басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.
2. Ұлттық шоттар басқармасы басшысы аумақтық статистика органдарына "Жобалық басқару үшін ескертпе" жіберсін.
3. Аумақтық статистика органдарының басшылары жобалық басқарудың статистикалық көрсеткіштерін есептеу әдіснамасы бойынша түсіндіру жұмыстарын ЖАО-мен тұрақты негізде жүргізсін.

14. «ШОК субъектілерінің қызметін мониторингтеу үшін пайдаланылатын бастапқы ақпараттың сапасын қамтамасыз етудің негізгі мәселелері»

(М.В.Мисюра)

1. Құрылымдық статистика басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.

2. Аумақтық статистика органдарының басшылары:

2.1. тұрақты негізде ЖАО-мен ШОК Статистика комитетінің құзыретіне кіретін жобалық басқарудың мақсатты индикаторларын қалыптастыру әдіснамасы бойынша түсіндіру жұмысын жүргізсін;

2.2. Департаменттің жұмыстар жоспарына аудандар бөлінісіндегі негізгі көрсеткіштердің ақпаратымен ШОК бойынша жедел-ақпарат форматында жарияланымды қоссын;

2.3. Респонденттердің қамтылуын арттыру болігінде 2-МП нысаны бойынша бастапқы деректердің сапасын жақсарту бойынша жұмыс жүргізсін;

2.4. ШФҚ-да қамтылғандар саны туралы деректерді дұрыс толтыру болігінде шаруашылық бойынша есепке алуды жүзеге асырсын.

15. «Баға статистикасы басқармасының 2018 жылғы I жар - тыжылдықтағы жұмысының қорытындылары және III тоқсанға қойылатын негізгі міндеттері туралы»

(Т.М.Демешева)

1. Баға статистикасы басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.

2. Аумақтық статистика органдарының басшылары тұрақты негізде әдіснама талаптарын сақтай отырып, өңірде баға өзгерістерінің нақты үрдістерінің көрініс табуына баға деңгейінің дұрыстығын қамтамасыз етуге бақылау жүргізсін.

16. «Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасының 2018 жылғы I жартыжылдықтағы жұмысының қорытындылары және 2018 жылғы III тоқсанға қойылатын негізгі міндеттері»

(А.С.Шәуенова)

1. Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасының басшысы ақпараты назарға алынсын.

2. Өндіріс және қоршаған орта статистика басқармасы аумақтық статистика органдарына бастапқы статистикалық деректер сапасының проблемалық мәселелері туралы хат жіберсін.

3. Аумақтық статистика органдарының басшылары респонденттердің толық қамтылуын, статистикалық насындарды толтыру, статистикалық қызмет саласындағы қолданыстағы заңнама, әдістеме және басқа да АҚЖ сәйкес жедел және жылдық бастапқы статистикалық деректердің дұрыстығын қамтамасыз етсін.

17. «Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасының 2018 жылғы I жартыжылдықтағы жұмысының қорытындылары және 2018 жылғы II жартыжылдықта қойылатын міндеттері туралы»

(Г.С.Қарауылова)

1. Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.

2. Аумақтық статистика органдарының басшылары:

2.1. ҚР ІІМ деректерімен көші-қон бойынша статистикалық деректің салыстыру жөніндегі жұмысты ерекше бақылауға алсын және сандық, сондай-ақ сапа жағынан сәйкессіздіктерді жою бойынша жұмысты ұйымдастырсын;

2.2. «Ұрпақтар мен гендер» іріктемелі зерттеуі бойынша далалық жұмыстар сапалы аяқталсын.

18. «Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасының 2018 жылғы I жартыжылдықтағы жұмысының қорытындылары және 2018 жылғы II жартыжылдықта қойылатын негізгі міндеттері туралы»

(Н.Е.Белоносова)

1. Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.

2. Аумақтық статистика органдарының басшылары:

2.1. Жұмыспен қамтылуы, халықтың табыстары мен шығыстары бойынша сондай-ақ жобалық басқарманың бағыттары бойынша үй шаруашылықтарының іріктемем зерттеу көрсеткіштеріне тұрақты талдау жүргізісін;

2.2. Оқыту, жұмыс сапасын бақылауды күшейту, үй шаруашылықтарыңа барып тексеруді жүзеге асыру арқылы зерттеу жүргізетін интервьюерлермен жұмысты жалғастырсын;

2.3. өңірлік статистиканы қалыптастыру кезінде Комитет жариялайтын көрсеткіштердің жиналуын және кеңеюін сақтасын;

2.4. Жұмыспен қамту және тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша ақпаратты жинау сапасына жауапкершілікті күшейтсін;

2.5. ЖАО-мен жобалық басқару индикаторлары бойынша, сондай-ақ ҚР ҰЭМ жобалық басқару департаментінен деректерді алу тәртібі бойынша түсіндірме жұмысын жүргізісін.

19. «е-Статистика» ИАЖ-ды дамыту»

(Ж.Т.Сыздықова)

1. Ақпараттық технологиялар басқармасы басшысының ақпараты назарға алынсын.